**Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары**
**Пән:** Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде)
**Бағыты:** жаратылыстану-математикалық
**Білім беру ұйымының атауы:** Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ
**Сынып:** 11 **Литер:** А
**Білім алушылардың аты-жөні** [illegible]

Мөрдің орны

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП - ГИМНАЗИЯСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ ____
«05» маусым 2025 ж.

**1-бөлім**

**1 Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары**

**1-тапсырма**
Мәтін үзіндісін оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Жаһандану процесі қазіргі заманның объективті құбылысына айналып отыр. Ал адамзат осы құбылыстың оң тәжірибесін игеруге, сондай-ақ оның теріс салдарына қарсы тұруға дайын ба деген сұрақ туындайды.

Осы орайда Нобель сыйлығының лауреаты, этолог-ғалым Конрад Лоренц техникалық өркениет тарапынан келетін қауіптерге қатысты жүргізген зерттеулері нәтижесінде этика мәселесі өзекті әрі шешуші рөл атқаратынын алға тартқан еді. Ол «әлі күнге дейін біздің планетамызда адамзат мәдениетіне қатысты толыққанды зерттеу жүргізілмеген...» дей келе, тіршілік иелеріне ортақ биологиялық принциптерге сүйене отырып, қоғамның пайда болуы мен мәдениеттің қалыптасуына талдау жасау маңызды деп санайды. Оның идеялары жаратылыстану, философия, саясаттану салаларындағы ғалымдарды бей-жай қалдырмады.

Конрад Лоренц «Өркениетті адамның сегіз ауыр күнәсі» еңбегінде индустриалды қоғамды дәстүрлі қоғамнан ерекшелендіретін, адам өмірін тұрақсыздандыратын негізгі сегіз тенденцияны алға тартады. Олар:

1) жер шарын мекендеушілер санының өсуі, мәжбүрлі қорғануы (тар кеңістікте шоғырлануы);

2) адамның табиғи қоршаған ортаны құртуы, сұлулыққа, жасампаздыққа деген құштарлығының жойылуы;

3) техниканың дамуы әсерінен шынайы құндылықтарды байқамауы, жалпы бәсекелестіктің артуы, адамның өз-өзімен жарысуы, бір мезет ойлануға уақыттың қалмауы;

4) дискомфортқа төзімсіздігі, нәзіктенуі, әлжуаздануы, адамның қиналу, қуану сияқты табиғи сезімдерінен айрылуы;

5) генетикалық тозуы (инфантилизм, паразитизм);

6) дәстүрден айрылуы, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың жеткіліксіздігінен құндылықтардың әлсіреуі мен ұрпақ арасындағы түсінбеушілік;

7) ақпараттық технологиялардың жетілуінен адамдардың пікір алуандылығының жойылуы (бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, сән, жарнама), сананы манипуляциялау мүмкіндіктерінің еселеп артуы;

8) осылардың ішіндегі ең қауіптісі – ядролық қаруды қолдану, алайда бұл – алдыңғы жетеуіне қарағанда құтылуға болатын қауіп. Конрад Лоренцтің пікірінше, ядролық қаруды қолдану адамзаттың санасында инфантилизмді және планета болашағы үшін жауапкершілік сезімін төмендетеді. Ал жауапкершілік өз кезегінде, адамның мінез-құлқы мен амал-әрекеттерін айқындайтын адамгершілік позициясы екенін және оны қалыптастыруға болатынын айта кету керек.

Қару қолданудың моральдық мәселесіне қатысты Конрад Лоренц елуден аса биологиялық түрді саралап береді. Адам баласының биологиялық тұрғыдан өзге

жаратылыстан әлсіз болғандығынан, табиғат бермеген қаруды өзі ойлап тапқанын айтады. Алайда адам жасанды қару арқылы Жердегі ең қарулы тіршілік иесіне айналғанын, ал моралі бастапқы деңгейінде қалып қойғанын атап көрсетеді.

1. **Ғалымның зерттеуінше технологиялық дамудан келетін қауіптерді жоюдағы маңызды мәселе**

   A әлеуметтік мәселе

   B саяси мәселе

   C экология мәселесі

   D этика мәселесі

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1]

2. **Мәтіндегі ақпараттардың орналасу реті**

   1. Жасанды қару – адами құндылықты жоюошы күш.
   2. Адамның іс-әрекеттері – жауапкершілігінің көрінісі.
   3. Қоғамның пайда болуы талдауды қажет етеді.
   4. Адам өмірін тұрақсыздандыратын құбылыстар.

   A 1, 4, 2, 3

   B 2, 1, 3, 4

   C 3, 2, 4, 1

   D 3, 4, 2, 1

A ☐ B ☐ C ☑ D ☐ [1]

3. **Техникалық өркениеттің адам психологиясына әсері**

   A Табиғи сезімдерден айрылады.

   B Шынайы құндылықтар әлсірейді.

   C Пікір алуандылығы жойылады.

   D Жалпы бәсекелестік артады.

A ☑ B ☐ C ☐ D ☐ [1]

4. **Екінші тенденция бойынша адамзат тоқырауының белгісі саналатын әрекеттердің басқаша атауы**

A генетикалық тозу

B дәстүрден айрылу

C психологиялық тоқырау

D экологиялық құлдырау

A ☐ B ☐ C ☐ D ☑ [1]

5. **Адамдардың қоғамда түрлі пікірге ие болу мүмкіндігінен айрылу себебі**

A адамдардың жауапкершілігінің төмендеуі

B ақпараттар ағынының көп болуы

C жасампаздыққа құштарлықтың артуы

D қоғамда сөз бостандығының болмауы

A ☐ B ☑ C ☐ D ☐ [1]

6. **Адами құндылықтар туралы айтылатын тенденциялар**

A үшінші мен алтыншы

B бесінші мен жетінші

C бірінші мен екінші

D төртінші мен сегізінші

A ☑ B ☐ C ☐ D ☐ [1]

7. **Үшінші абзацтың екінші абзацқа қатысы**

A Екі ойды салыстырады.

B Қарсы пікір білдіреді.

C Ойына аргумент келтіреді.

D Пікірін тұжырымдайды.

A ☐ B ☐ C ☑ D ☐ [1]

**8. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тұжырымдардың дұрысы**

1. Адамзат өркениетке жақындаған сайын мәдениеттен алыстай бастайды.
2. Адамзаттың психологиялық тоқырауға ұшырауы өмірді тұрақсыздандыра бастайды.

**A** бірінішісі дұрыс

**B** екіншісі дұрыс

**C** екеуі де дұрыс

**D** екеуі де бұрыс

**A** ☐ **B** ☐ **C** ☑ **D** ☐ **[1]**

**9. Мәтіннің стилі мен түрі**

**A** ауызекі сөйлеу, сипаттау

**B** ғылыми, баяндау

**C** көркем әдебист, пайымдау

**D** ресми-іскери, әңгімелеу

**A** ☐ **B** ☑ **C** ☐ **D** ☐ **[1]**

**10. Соңғы абзацта айтылғандай, адамның қарулы күшке ие болуының себебі**

**A** жауапкершілігі төмен болғандықтан

**B** адамгершілік позициясының төмендігінен

**C** табиғатынан қауқарсыз болғандықтан

**D** өркениеттен келетін қауіптің көптігінен

**A** ☐ **B** ☐ **C** ☑ **D** ☐ **[1]**

**[Барлығы: 10 балл]**

9 балл

**2-тапсырма**

Мәтіндегі мәліметтерді қолданып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.
*Әр сұрақтың балы* [ ] тік *жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.*

Еліміз үшін білімді мамандарымыздың, ақылды жастарымыздың шетелге білім алуға кетіп, оралмай қалуы үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Бірінші кезекте интеллектуалды көші-қон ағыны мәселесін талдау қажет. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдары, яғни, 90 жылдардың басынан 2000 жылдар аралығында ақыл-ой ағынының сыртқа көшуіне түсіністікпен қарауға болады, өйткені Қазақстанда тұратын көптеген этнос өкілі өздерінің тарихи отандарына оралды.

Бүгінде білімді азаматтарымыздың шетелге ағылуына негіз болып отырған себептер қандай деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Қазіргі таңда ең негізгі себептердің бірі – білікті мамандардың, әсіресе, білімді жастардың ақыл-ой еңбегінің өз деңгейінде бағаланбауы. Олар интеллектуалдық еңбекке жоғары ақы төленетін жерлерді іздеуге мәжбүр.

Жастарымыздың басқа елге кетуінің тағы бір себебі – көптеген түлек Ұлттық Бірыңғай тестілеуден қорқады, сондай-ақ шекті деңгейден өтпеген оқушылар көбіне жақын шетелді, әсіресе, Ресейді таңдайды. Олар қазақстандық мектеп түлектерін өзіне тартып отыр. Олимпиадаларды жиі өткізу арқылы біздің зерек оқушыларымызды іріктеп, оларды тегін білім алуға шақырады. Шәкіртақылар тағайындау, жатақханада тегін тұру, әрі қарай жұмысқа орналасу сияқты жағдайларды ұсыну арқылы біздің болашағынан зор үміт күттіретін оқушыларымызды жинап алады. Ресейлік жоғары оқу орындары елімізде көшпелі емтихандар өткізеді. Бұл өз кезегінде басқа мемлекетке барып емтихан тапсырудан әлдеқайда тиімді. Қашықтықтан тест алу тағы бар. Демек, оқу орнына түсудің жолдарын жеңілдетіп қойған.

1996 жылдан бастап Германия оқушылардың неміс тілін білу деңгейіне қарай кез келген жоғары оқу орнына тегін оқуға қабылдайды. Сол сияқты Балтық жағалауы елдері де шәкіртақы мен тегін баспана ұсыну арқылы білім алушыларды тарта бастады. Ол аздай, бұл әдіс АҚШ, Канада, Израиль, Гонконг, Сингапур, Қытай елдеріне де тарауда.

Біздің елде шетелден мамандарды тартуға қарағанда, өз мамандарымызды пайдалану әлдеқайда тиімді. Қайтарымсыз интеллектуалды эмиграция салдарымен күресу қиын болып отыр, өйткені ақыл-ойға бәсекелестік бүкіл әлемде өсіп келеді. Қазақстан өз білімділеріне, таланттарына ерекше ұсыныс жасап, еңбекақы төлеу деңгейі мен әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуді дамыған елдермен салыстыра алатындай дәрежеге жеткізу керек.

18 жасқа толған жастар – мемлекеттің ең қымбат қазынасы. Мемлекет мектепте тегін білім беру саласына, бакалавр мен магистрлер дайындау ісіне қыруар қаржы жұмсайды. Ал өзіміз дайындаған адам ресурсын басқа елге беріп қою – өкінішті жайт.

1. Еліміздегі интеллектуалды эмиграцияны тежеудің **екі** жолын көрсетіңіз.

   1 Білімді жастарға жоғары еңбекақы және әлеуметтік қолдау көрсету.

   2 Білім беру жүйесін жетілдіру, біліммен бірге тәжірибе алатын бағдарламалар енгізу. [2]

2. Мәтіннен шетелдік оқу орындарының қазақстандық дарынды түлектерді өздеріне тарту үшін жасап отырған қолайлы ұсыныстарының кем дегенде **екеуін** жазыңыз.

   1 Жоғары оқу орындары тегін білім мен шәкіртақы ұсынады.

   2 Оқуда ақысыз оқу жүйесінде орналасуына қамтамасыз етеді. [2]

3. Білімді де білікті мамандардың елде қалып жұмыс істеуіне не кедергі?

   Интеллектуалдық еңбектің лайықты бағаланбауы, яғни төмен еңбекақы және әлеуметтік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі. [1]

**[Барлығы: 5+5 =10 балл]**

10 балл

## 2-бөлім

**Тапсырма**

«Адамдардан роботтар қабілеттірек болып кетсе, адамзат болашағына қауіп төндіруі мүмкін бе?» деген тақырыпта аргументтерді сараптап, талдай отырып эссе жазыңыз. (200-250 сөз)

Роботтардың адамдардан артықшылығы неде, робот сөзін естіген кезде адам ойына қандай бейне келеді?

"Робот" сөзі чех тілінде "ауыр жұмыс" деген мағынаға ие. 1927 жылы Нью-Йорк қаласында американдық инженер Д. Уэнсли дүниежүзілік көрмеде өзі құрастырған шыққан алғашқы роботты көрсетті. Оның жұмыс жасау мүмкіндіктері аз болды, ол тек қарапайым ғана қимылдарды орындайтын.

Ал қазіргі заман — технология дамыған, жасанды интеллект өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған кезең. Кеше ғана ғылыми-фантастикалық фильмдерден көретін роботтар бүгінгі күні зауыттарда, медицинада, білім беруде және күнделікті өмірде еркін қолданылуда. Алайда роботтардың мүмкіндіктері адамдардан асып түссе, бұл адамзат үшін қауіп төндіруі мүмкін бе? Бұл — тек ғылыми емес, терең философиялық әрі адами мәселе.

Біздің ғасыр — даму заманы. Әсіресе технологияның қарқынды дамуы адамзаттың уақытын үнемдеп, көп жұмысты жеңілдетуде. Қазір тіпті біршама мамандық орнын адамнан басқа электронды құрылғылармен жүзеге асуда. Бұрындағы кассир, кондуктор сияқты мамандарды қазір "AI" код алмастыруда. Сол сияқты жасалған роботтар да шығарылуда. Роботтардың қабілеті өте жоғары дамып келеді. Олар ақпаратты тез өңдейді, қорғауда, көмектеседі, шаршамайды

және кейбір жағдайда адамнан да жоғары нәтиже көрсетеді. Мысалы, жасанды интеллект диагноз қоюда кей дәрігерлерден ілгері бола алады немесе шахмат ойынында әлем чемпионын жеңе алады. Осындай жетістіктер технологияның құдіретін көрсете де, адамзаттың болашағы үшін алаңдауға да себеп бар.

Бірінші қауіп — экономикалық қауіп. Егер роботтар адамдардан қабілетті болса, көптеген мамандықтар жойылуы мүмкін. Жұмыссыздық артады, ал бұл — қоғамда теңсіздік пен наразылық тудыруы мүмкін. Екінші қауіп — әлеуметтік және рухани қауіп. Егер адамдар өз рөлін жоғалтса, "мен кіммін, не үшін өмір сүремін?" деген сұрақтар жиілей түседі. Үшінші қауіп — қауіпсіздік мәселесі. Егер автономды роботтар тағы бақылаусыз қалса, олар адамзатқа қауіп төндіруі әбден мүмкін. Мұндайды ғылыми фантастикадан ғана емес, қазіргі кейбір әскери зерттеулерден де байқауға болады. Егер біз жасанды интеллект пен роботтарды адамға көмекші құрал ретінде дамытсақ, бұл — қауіп емес, мүмкіндік. Роботты өмірге әкелген — адам. Оны басқаратын да — адам. Мысалы, ауыр, қауіпті жұмыстарды роботтарға тапсырып, адамдар шығармашылықпен, ғылыммен, тәрбиемен айналысуына жол ашылады. Бұл жағдайда технология адамзаттың дамуына серпін береді.

Қорытындылай келе, роботтар адамдардан қабілетті бола бастағанда, бұл адамзат болашағына қауіп төндіруі

Мүмкін, бірақ ол – өзіміздің таңдауымызға байланысты. Біз өз құндылықтарымызды жоғалтпай, технологияны ақылмен пайдалансақ, қауіп емес, жаңа дәуірдің есігі ашылады.

[20]

Балл 87 Баға (5 өте жақсы)

Комиссия төрағасы [signature] Б. Кузембаева

Комиссия мүшелері [signature] Л. Т. Бамсадиева

[signature] Е. К. Ақбеков.